

Мырзагелді А.М¹.

¹*Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің 2-курс магистранты*

АВАР ҚАҒАНАТЫ МЕН ВИЗАНТИЯ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада, VI-VIII ғасырлардағы халықаралық қатынастар тарихында ерекше орын алатын Авар қағанаты мен Византия арасындағы байланыс сипатталады. Аталған кезеңде Византия империясы әлсіз болып, сыртқы саясатында көптеген мәселелерді дипломатиялық тәсілдермен қол жеткізген. Аварлар мен Византия арасындағы байланыстар, аварлардың Шығыс Еуропа даласына қоныс аударуы жайындағы құнды мәліметтерді Византияның танымал тарихшыларының қолжазбаларынан кездестіреміз.

Түйін сөздер: Авар қағанаты, Шығыс Рим империясы, Византия, славяндар, аварлар, сыртқы саясат, дипломатиялық келісімдер.

Myrzageldy A. M¹.

¹*master 2nd course Kazakh national University al-Farabi*

HISTORY OF DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN THE AVAR KHAGANATE AND BYZANTIUM

Abstract

The article describes the relationship between the Avar Khaganate and Byzantium, which occupies a special place in the history of international relations of the VI-VIII centuries. during this period, the Byzantine Empire was weak and many issues in foreign policy were achieved by diplomatic methods. In the manuscripts of famous historians of Byzantium, we will find valuable information about the connection between accidents and the Byzantines, and the migration of accidents to the steppes of Eastern Europe.

Keywords: Avar Khaganate, Eastern Roman Empire, Byzantium, Slavs, Avars, foreign policy, diplomatic agreements.

Мырзагелді А.М¹.

¹*Магистрант 2-курса Казахского национального университета им. аль-Фараби*

ИСТОРИЯ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ АВАРСКИМ КАГАНАТОМ И ВИЗАНТИЕЙ

Аннотация

В статье описывается связь между Аварским каганатом и Византией, которая занимает особое место в истории международных отношений VI-VIII вв. В этот период Византийская империя была слабой и многие вопросы во внешней политике были достигнуты дипломатическими методами. В рукописях известных историков Византии мы встретим ценные сведения о связи между авариями и Византиями, переселении аварий в степи Восточной Европы.

Ключевые слова: Аварский каганат, Восточная Римская империя, Византия, славяне, авары, внешняя политика, дипломатические соглашения.

Кіріспе. Халықтардың Ұлы қоныс аударуының әсерінен, шамамен екі жүз елу жылдай уақыт бойы аварлар Карпат өңірінде (қазіргі Орталық Венгрия, Трансильвания) территориясында

коныстанып, мықты саяси билікті иемденді. Бірақ сонда да алып территорияны жаулап алған және Византия империясын біраз әлсіреткен аварларды, қазіргі таңда жоғалып кеткен халықтардың қатарына жатқызуға болады.

Авар қағанатын құрушылар Еуропа мемлекеттерінің тарихына өзінше ықпал етіп, әсер қалдырушылар болды. Ақырында, қағандық ыдырап жергілікті халықтармен ассимиляцияға ұшыраудың нәтижесінде IX ғасырда тарих сахнасынан кетеді. Авар тайпаларының ежелгі қоныстанған территориясын және оның күнделікті өмірі жайындағы мәліметті Византия, латын жазба деректері береді.

Алғаш рет аварлар туралы (V ғасырдың ортасында) Приск Панийский айтып өтсе, ал неғұрлым соңғы мәліметтер ежелгі авторлар – Феофилакт Симокаттада, Менандр Протекторда, Иоанн Эфесскийде, Фредагар шежіресінде келтірілген. Аварлар Орталық Азиядан жылжып келген және Батыс Түрік қағанатының негізін қалаған авангард болып есептеледі [1, Б. 65].

Авар атауының шығуы, жалпы аварлардың қайдан шыққаны жөнінде тарихта үш түрлі болжам бар:

1) аварлар – көшпелі жуан-жуан империясының ұрпақтары;

2) аварлар – Орта Азиядан шыққандар және вархониттер, олардың ата-бабалары;

3) аварлар – Венгрия территориясының кейбір қоныс атауларының түбірі «варконь» деген сөз тіркесімен аяқталғандықтан, жергілікті халық болуы мүмкін. Жазба деректерге сүйенетін болсақ, мысалы, Менандр Протектордың хабарлауынша, «568 ж. император Юстиннің билігіне төрт жыл болғанда, Византияға ертеде сақтар деп аталған Түрік қағанатынан елшілік келген, елшілікті Маниах бастап келген» [2, с. 114]. Аварлар жер бетінде ұзақ кезіп жүрудің нәтижесінде, көшпелі мәдениетті дамытып, жалғастырушылар болды.

Негізгі бөлім. VI ғасырдың ортасында аварлар Каспий теңізінің батыс жағалауына басып кіреді. Осы кезеңнен бастап көптеген тайпалардың ішінде авар тайпа ұйымы ерекшелене түседі. Мақалада қазіргі кезге дейін Авар қағанаты мен Византия империясы арасындағы елшілік қатынастар барысын зерттеу тақырыптың өзектілігін арттырады. Сонымен екі ел арасындағы байланыстардың басы елшілік қарым-қатынастарымен ерекшеленеді.

Аварлар алан тайпаларының жеріне келіп, оның көсемі Саросиден көмек ретінде римдіктермен таныстыруын сұрайды. Аландардың көсемі Сароси Лазика маңында орналасқан Византия әскерінің қолбасшысы Германнның баласы Юстинианға келіп, мәлімдеме жасайды. Юстин аварлардың ұсынысын император Юстинианға жеткізеді, император әскер қолбасшысы Юстинге шекарадан Византияға авар елшілігін өткізуін талап етеді.

Авар елшілігін Кандих есімді адам басқарып келеді. Византиялықтарды аварлардың түрлері, бет бейнелері, шаш жинау әдісі таң қалдырады. Кандих императордың алдына келіп былай дейді: «... к тебе приходит самый великий и сильный из народов; племя аварское недолимо; оно способно легко атразить и истребить противников. И потому полезно будет тебя принять Аваров в союзники, и приобрести себе в них отличных защитников; но они только в таком случае тебя дружеских связях с римскою державою, если будут получать от тебя драгоценные подарки и деньги ежегодно и будут поселены тобою на плодоносной земле [3, с. 221].

Біздің ойымызша, император Юстиниан бұл кезде бойында күш қуаты таусылып, бұрынғы ержүректігі қалмаған. Автордың осы сөзінен кейін императордың аварларды соғыссыз басқа жолмен жеңбек болғандығын байқауға болады.

Сонымен, император авар елшілігін жақсы қарсы алып, әскери одаққа келісім береді. Көп ұзамай император аварларға алғашқы Валентин бастаған елшісін жіберіп, оның тәкаппар ұсыныстарын орындау үшін, олардың көңілдерін жұмсартатын алтынмен безендірілген алқалар, арба, жібек киімдер т.б. көптеген сыйлықтар жібереді.

Валентин Юстинианның қолшоқпарларының бірі болған. Валентиннің міндеті – авар тайпаларын Рим Одағына енгізіп, оларды империя жауларына қарсы қою болды. Император бұл елшілікті жіберер алдын өзінің ақылды ойы болғандығын білдіреді: «... патша өте ақылды әдіс ойлап тапты. Себебі, аварлар жеңе мен әлде жеңілсе де, жеңіс Византия жағында болады», - деді. Валентин аварларға келісіммен барлық сыйлықтарды беріп, императордың айтқандарын жеткізеді, сонымен шығыс Рим империясы 558 жылдан бастап, аварларға салық төлеп тұратын болып келіседі.

Византия дипломатиясында саясаттың қыр-сырларының бәрі дамыған, олар тайпаларды бір-біріне айдап салудың әсерінен дұшпандарынан құтылып отырған. Осы саясатты аварларға пайдаланып, оларды славяндарға қарсы айдап салады.

Сонымен Византия империясы қалыптасқан сыртқы саяси жағдайларды, қалпына келтіріп алу үшін, авар одағымен одақтасу өте тиімді болды. Империямен жасасқан келісім шарт бойынша, аварлар Византия империясын Дунай бойындағы шекараларын варвар тайпаларының шапқыншылығынан күзетіп, қорғайтын болады.

Византия мен Авар қағанаты арасындағы сәтті келісімдерден кейін, Византия елшісі Валентин аварларды савир Кутригур, утригур және шығыс славян тайпаларына шабуыл жасауын бұйырады [4, с. 323]

Көп ұзамай аварлар утигурлармен, кейін залдардың (унн тайпасы) және савир тайпаларының күшін күйретеді. Савирлер зал, утигур және кутригурлар сияқты ғұн тайпалары [50, гл. 37]. 559 жылы авар одағы савирлерге, 560 жылы утигурлерге және куртигур тайпаларын тонаушылыққа ұшыратады. Халқын тұтқынға алады.

560 жылдардың басында аварлар Дон өзенінен өтіп, кутригурлар жеріне басып кіреді, бұл тайпалар өзінің батысында орналасқан ант тайпасынан көмек сұрайды. Ант тайпасынан көмек болмаған соң, кутригурлар тайпасы жеңіліп, аварлардың вассалына айналады [5, с. 15].

Аварлардың Азов өңіріне енушілігі, Қара теңіздің солтүстік аймағындағы тепе-теңдігін бұзды, бірақ Батыс Еуразия халықтарының тағдырына жаңа кезеңді бастап берді. Шамамен, 560 жылы кутригурлар тайпасын бағындырғаннан кейін, Баян өзін Авар одағының көсемі деп жариялайды. Осыдан кейін аварлардың Бессарабияға, анттардың отанына шабуылы жалғасады. 561 жылы анттар тайпасы толық аварларға бағынады. Қаған Мезамирді өлтіріп, ант жерін тонап, халқын құлдыққа алады. Осы жаулаушылық соғыстардан кейін аварлар шамамен 561-562 жылдары төменгі Дунай өлкесіне табан тірейді.

562 жылы Авар қағаны император Юстининнан қоныстану үшін жер сұрап тағы елшілік жібереді. Аварлар күшейіп, бірнеше тайпаларды өзіне бағындырғаннан кейін, Византияға талаптарын күрделендіре түсіреді: олар империя жерінен жер сұрап және бейбітшілікпен, әскери одақтастықты сақтау үшін, жыл сайынғы салықты көбейтуін талап етеді. Империя мен аварлар арасында түсініспеушілік туа бастайды. Авар қағаныты қоныстану үшін шұрайлы жер сұрап императорға елшілік жібереді. Император аварлардың талабын орындап, оларға Эрул жерін қоныстануға береді. Ол жер екінші Панонния (Сав пен Драфтың аралығын Панонния деп атаған) деп аталған.

Менандрдың айтуы бойынша, патша айтты: «Егер аварлар құмарлықпен қоныстанатын болса, бұл жерді беремін деген». Бірақ аварлар өздерінің жерлеріне үйреніп қалғандықтан Скифия жерінен тыс орналасқысы келмеді. Сонымен бұл іс қозғалыссыз қалады. Әскер басшысы Юстин авар елшілерін патшаға жіберіп, Юстинияға аварларды қаладан алшақ ұстасын деп мәлімдейді. Осы жағдайдың барысында Византия императоры аварлардың ішінен өзіне жақтас табады. Ол Икунимо деген аварлық еді. Императорға өз халқын сатып, бар шындығын жайып салып, аварлардың айтқан сөздерін, ойлағандарын императорға жеткізіп отырады. Осыдан бастап екі ел арасындағы елшілік қатынастардың күрделі кезеңіне аяқ басады [6, с. 7].

Авар елшілігі империяға келген мақсаттарына жете алмай, елшілік құрамы түгелімен тұтқынға алынады. Византия императорының елшіліктің қаруларын тартып алып, оларды ұзақ уақыт империя құрамында ұстауы Баян қағанның ашуын туғызады. Бұл екі ел арасындағы дұшпандасудың басталғандығын білдіреді. Осыдан барып, Баян қаған енді Византия империясын талқандауға бел буады.

564 жылы Юстиниан қайтыс болып, таққа II Юстин отырады. Шамамен, 565 жылы Византия мен аварлар арасында қатынас өзгеріске ұшырайды. Императорға аварлар елшілік жіберіп, салықты көбейтетіндерін ескерттеді. Император II Юстин салық төлеуден бастартып, елшілікті қуып жібереді.

574 жылы 7 желтоқсанда II Юстин денсаулығына байланысты тақты және цезарь атағын Тивериге береді. Сонымен, Тивери билікке келісімінен «Авар қағанатымен масқара бейбіт шарт жасасады, бұл шарт бойынша империя аварларға жыл сайын 80 мың алтынды салық ретінде төлеп тұруы тиіс». Есесіне, аварлар империяның мазасыз көршісіне айналған славян жеріне шапқыншылық жасап, жеңуі тиіс болды. Баян қағанның да көздегені осы болды, себебі ол славяндардың байлығының молдығын жақсы білетін.

578 жылы император Тибери Авар қағанатына арасындағы бейбіт келісімнен кейін қағанның елшілері өз иеліктеріне оралады. Скамара елді-мекенінің тұрғындары қайтып бара жатқан аварларды қоршауға алып, аттарын және барлық жүктерін тартып алады. Осы жағдайдан кейін аварлар қайтадан Тивериге елші жіберіп, Скамаралықтардың оларды тонағандығы жайында

шағымданып, заттарын қайтарып беруді талап етеді. Осы жағдайдан кейін тоналған заттар дереу қайтарылады [7, с. 148].

580 жылдың басында жыл сайынғы алымды жинап, авар қағаны әскер жинап, Саваға аттанады. Сирмий мен Сингидон арасына лагерь құрып, көпір сала бастайды. Қағанның ойы Сирмий қаласын алу болды. Сингидон қаласын қорғаушы өзен кемелерін жүргізуде мол тәжірибелі римдіктер, тың жоспарып біліп қоймас үшін, жоғарғы Паноннияда, Истр өзенінде көптеген ауыр кемелерді жинап кеме жасау өнерінің ережесіне ұқсамайтын қолда бар құралмен ұзын әскери кеме жасайды. Бұл кеме-лер римдіктердің Феогнид, Каси және Карвонари аралдарын жаулап алу үшін пайдаланылатын еді.

581 жылы аварлар төменгі Савадағы Сирмийді жаулап алады. Бұл Византия үшін маңызды әскери қорған еді. Әрі қарайғы аварлармен жаулау экспансиясын тоқтату үшін император тез арада аварлармен келісімге келуге асығады.

VII ғасырда Авар қағанаты үшін қарқынды дамушылық кезең болды. Авар жерінің батыс шекарасында франк көпесі Само бастаған аз уақыт өмір сүрген мемлекет құрылды. Бұл уақытта Авар қағанаты ішкі терең дағдарысты басынан кешіріп жатты, себебі дәл осы кезде Баян әулеті билігінің аяқталуына байланысты ішкі қақтығыстарға әкелді. Қағанның қайтыс болуы, алтын тақты иемдену мақсатында кутригур-болғарлар ел ішінде көтеріліс ұйымдастырып, билікке қарсы шығады. Бірақ бұл көтерілісті аварлар басып-жаншиды. Көп ұзамай көтерілістен кейін кутригур болғарлар қағанат жерінен ығыстырылады [8, с. 60].

VII ғасырдың 70-жылдары Византия жылнамаларында Кубрат атты болғар ханының болғандығы және сол ханның бір балаласы Хазар қағанатының құрылуына байланысты өзінің халқымен қайтадан авар территориясына қоныстанған.

VII ғасырда Византия әскері Дунайдан өтіп, Тисс өзенінің бойында аварлармен екі үлкен шайқас өткізіп, бұл шайқаста аварлар жеңіліске ұйырайды.

VIII ғасырдың аяғында аварларға христиан діні тарала бастайды. Оны Тудун есімді адам енгізеді, бірақ аварлар оны кейіннен өлтіреді. Аварлар жеріне христиан діні таратылып, шіркеулер салына бастайды. Көптеген шаруалар епископ пен аббаттарға тәуілді болып, салық төлеуге міндетті болды.

VIII ғасырда аварлар жаңа қаған сайлып, Карлдың баласы Пипично Италийскиймен соғыс жүргізеді. Соғыста аварлар жеңіліп, бір бөлігі Дунайға дейін шегінеді. Екінші бөлігі Тисс өзенінің бойында 809 жылға дейін өмір сүреді. Әрі қарай Еуропада қалған аварлар жергілікті халықпен араласып, сіңіп кетеді [9, с. 74].

Қорытынды. Қорыта келе, Еуропа даласында белгілі бола бастаған авар одағын құрушылар, саяси жағдайларын жөндеп қоныстану үшін, Византия империясымен қатынас жасап, бірнеше елшіліктермен алмасқан. Деректерді талдап зерттеудің барысында, Авар қағанатын құрушылар, Византиямен бейбітшілік және жаулаушылық саясатты қатар жүргізгендігін байқаймыз.

Авар қағанатының үлкен жетістіктерге жетіп, бірнеше тайпаларды бағындыруына, VI-VIII ғасырларда Византия империясының негізгі жауының болуына авар тайпасын ұйымдастырып басшылық еткен Баян Тері болды. Баян Терінің тарихта алар орны ерекше. Оны Шыңғыс хан, Темір және Аттила сияқты ұлы қолбасшылармен салыстыруға болады. Византия авторлары Баян қаған, империяның негізгі дұшпаны болғандықтан, мынадай баға берген: «Баян жадный, вечно стремящийся к наживе и богатству» [61, с. 180].

560 жылы Авар қағандығы құрылып, алғашқы қағаны Баян болады. Баян қаған қайтыс болған соң, империя ішінде талас-тартыс болып, Само бастаған славян тайпаларының үлкен көтерілісі болады. Авар қағандығы әлсіреп, орнына Хазар патшалығы пайда болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мухажанова Т.Н. Авар атауы туралы // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – №4 (27). – 2002. – Б. 65-67.
2. Боровский Я.Е. Византийские, старославянские и старогрузинские источники о походе русов в VII в. на Царьград // Древности славян и Руси. – М.: Наука, 1988. – С. 114-119.
3. Жумагулов К.Т. История Аварского каганата // Материалы республиканской научно-теоретической конференции. – Караганда, 2009. – С. 221-226.
4. Успенский Ф.И. История Византийской империи. – М.: Наука, 2001. – 340 с.
5. Литаврин Г.Г. О походе аваров в 602 г. против антов // Славяне и их соседи. Международные отношения в эпоху феодализма. – М., 1989. – С. 15-33.

6. Литаврин Г.Г. *Известия Менандра Протектора об отношениях аваров и славян // Византия. Средиземноморье. Славянский мир.* – М., 1991. – С. 7-18.
7. Лукина С.Г. *Аварский каганат в системе межгосударственных отношений VI-VIII вв. // Взаимодействие народов Евразии в эпоху Великого переселения народов.* – Ижевск, 2006. – С. 148-151.
8. Лукина С.Г. *Аваро-франкские отношения VIII-IX вв. // Историк и его дело. Серия памяти профессора В.Е.Майера: Межвузовский сб. науч. тр. Вып. 4.* – Ижевск: Изд-во УдГУ, 2005. – С. 60-66.
9. Бромлей, Ю. В. *Среднее Подунавье в VI IX вв.: Авары. Славяне. Падение Аварского каганата / Ю. В Бромлей // История Венгрии.* – М., 1971. – Т. 1. – С. 74-86.